ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ
«МОЛОДЕЖНЫЙ РЕСУРСНЫЙ
ЦЕНТР»ОТДЕЛА ОБЩЕСТВЕННОГО
РАЗВИТИЯ ЖАНАКОРГАНСКОГО
РАЙОНА»

Жаңақорған ауданы, Амангелді көшесі №150А,
Тел/факс: 8 (72435)21017

Поселка Жанакорган, улица Амангелди №150А
Тел/факс: 8 (72435)21017

«13» ақпан 2026 жыл

№03-17/24

"Қармақшы Жастары" ЖҚБ
төрағасы Д. Жиенкужаевқа

«Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сіздің №16115772-ГСЗ1 лот бойынша жасаған шағымыңызға төмендегіше хабарлайды.
Қосымша 2 бет

Директор **Н. Орынбасаров**

Орынд.: С.Бегалиева
Тел.: +7(775)523-26-27

Scanned with CamScanner

Қосымша

"Қармақшы Жастары" ЖҚБ өнім берушінің шағымы бойынша төмендегідей айтылған:

Шағым:

«Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұйымдастырылған №16115772-ГС31 Жастардың цифрлық және шығармашылық әлеуетін дамыту әлеуметтік қызметін ұйымдастыру мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өткізілген конкурстың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына сәйкес, өлшемшарттарды дұрыс есептемеуіне байланысты комиссия мүшелерінің қорытынды хаттамасымен келіспейміз.

Осы ретте, конкурстық комиссия мүшелері қағиданың 412-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану барысында: Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы "Қармақшы Жастары" ЖҚБ ұсынған өнім берушінің жастар саясаты саласындағы жұмыс тәжірибесін растайтын келісім-шарт, актілер және электронды счет фактура құжаттарын комиссия мүшелері назарға алмастан, негізсіз 6 баллмен бағалаған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 21-қосымша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттары сәйкес сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі болған жағдайда 8 балл берілуі қажет.

Бағалау өлшемшарттарында "Қармақшы Жастары" ЖҚБ-нің аталған аймақта жұмыс тәжірибесі Жаңақорған ауданының деңгейдегі 1 жоба (2025ж) және облыстық әлеуметтік жоба (2023,2025 жж) іске асыру жұмыс тәжірибесі бар болуына байланысты, яғни әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта екі жылдан астам және қоса алғанда бес жылға дейінгі әлеуметтік жобаларды іске асыру тәжірибесі бар болса, 4 ұпай берілуі қажет.

Тиісті өңірдегі облыс көлемін қамтыған жобалар мен арнайы сол аумақта, яғни тиісті өңір (аудандағы) орындалған әлеуметтік жобаны есепке алу қажеттілігін қаперіңізге ұсынамыз.

Сондай-ақ қағиданың 4-тарау 6-параграф 78 тармағына сәйкес, егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкерлердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкерлердің электрондық цифрлық қолтаңбасы не еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі арқылы расталады деп көрсетілген., Алайда, техникалық ерекшелікте жобаны жүзеге асыру үшін маман талап етілмеген.

Сондықтан әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына ҚР қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес, (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамыздағы № 17314 болып тіркелген) бөлігіне бағалауға байланысты жобаны және әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға әлеуметтік жобаларға қатысушыға «0» балл берілуі қажет!

Осыған орай, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 207-бабына сәйкес, шара қолданылсын және тиісті өлшемшарттармен бағалап, қорытынды хаттаманы қайта рәсімделуін талап етеміз.

Бағалау әділетті, заңға сәйкес орындалмаған жағдайда, құзырлы органдарға қосымша жүгінетімізді хабарлаймыз.

Scanned with CamScanner

***Шағымға жауап:**

"Қармақшы Жастары" ЖҚБ жазған шағымына қосымша зерделеу жүргізудің нәтижесімен келесідей жауапты ұсынамын:

«Қазақстан Республикасы 2024 жылғы 9 қазандағы №687 Қаржы министрінің бұйрығының 21-қосымшасына сәйкес Сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады» делінген.

"Қармақшы Жастары" ЖҚБ-нің жалпылама 15 жыл жұмыс тәжірибесі бар. Ал ұқсас жұмыс тәжірибесі бар жобалар бойынша №16115772-ГС31 Жастардың цифрлық және шығармашылық әлеуетін дамыту әлеуметтік қызметін ұйымдастыру мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында "Қармақшы Жастары" ЖҚБ-не 2017, 2025 жылдарға ғана жұмыс тәжірибиесі бар екені анықталып, **6 балл дұрыс берілгенін жеткіземін.**

«Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі» бағаны бойынша "Қармақшы Жастары" ЖҚБ-не 2025 жылға(Жаңақорған ауданының тұрғындарын бұқаралық спортпен қамтуды арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру) ғана жұмыс тәжірибиесі бар екені анықталып, **2 балл дұрыс берілгенін жеткіземін.**

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі сәйкес, қосымша зерттеу негізінде тапсырыс беруші тарап техникалық ерекшелікте материалдық және еңбек ресурстарына қатысты талап қоймағандықтан, барлық әлеуетті өнім **берушіге 0 (нөл) балл берілу керектігі анықталды.**

Scanned with CamScanner